

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мүлiкті бағалау мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 8 қарашадағы N 96-II Заңы

Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда К941000_ қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., N 2-3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжаттар; N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 20, 727, 731-құжаттар; N 23, 916-құжат):

319-баптың 5-тармағындағы "мүлiкті бағалау жөнiндегi мемлекеттiк органның" деген сөздер "мүлiкті бағалау жөнiндегi қызметтi жүзеге асыруға лицензиясы бар жеке және заңды тұлғалардың" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жылжымайтын мүлiк ипотекасы туралы " 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2723 U952723_ заң күшi бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 165-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 205-құжат):

32-баптың 3-тармағының бірiншi бөлiгiндегi "мүлiкті бағалау жөнiндегi мемлекеттiк органның" деген сөздер "мүлiкті бағалау жөнiндегi қызметтi жүзеге асыруға лицензиясы бар жеке және заңды тұлғалардың" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті